

**Жапақов С.М.**

2 курс PhD докторанты, НАРХОЗ университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sake.007@mail.ru

## **ІШКІ ЕҢБЕК МИГРАНТЫ, ІШКІ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТҮСІНІКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Мақалада ішкі еңбек мигранты, ішкі еңбек миграциясы және ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу түсініктеріне сипаттама беріледі және оларға қатысты ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасалынады. Автор ішкі еңбек мигранты түсінігінің Қазақстанда толыққанды өз мәнінде қолданылмайтындығын, заңнамалық актілерде, тұжырымдамаларда ішкі мигрант санатынан ажыратылмайтынын ашып көрсетеді. Сонымен қатар, мақалада еңбек миграциясының бір түрі ретінде ішкі еңбек миграциясының түсінігі, түрлері сипатталады, ішкі еңбек миграциясының кейбір түрлерінің теориялық негізделуіне қатысты пікір білдіріледі. Автор миграция, мигрант терминдерін қазақ тіліне аудармай, халықаралық термин ретінде осы қалпында сақтау қажет екендігіне де тоқталып, оған қатысты өз ойымен бөліседі. Мақалада ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеудің теориялық аспектілері де талданып, әртүрлі отандық және шет елдік ғалымдардың пікірлеріне толықтай тоқталып өтеді. Қазақстан Республикасының ішкі еңбек миграциясын реттеуге байланысты саясатына талдау жасалып, оның кемшін тұстарын ашып көрсетеді. Ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеуге байланысты жаңа мемлекеттік ұстаным, жаңа құқықтық база қалыптастыру мәселесін көтереді. Мақала соңында автор ішкі еңбек мигранты, ішкі еңбек миграциясы, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу түсініктеріне өз тарапынан анықтамалар ұсынады.

**Түйін сөздер:** ішкі еңбек мигранты, ішкі еңбек миграциясы, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу, жұмыссыздық, мемлекеттік саясат.

Zhapakov S.

2 year PhD doctoral student, University of NARXOZ, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sake.007@mail.ru

### **Theoretical aspects of concepts internal labor migrant, internal labor migration, state regulation of internal labor migration**

The article describes the concepts of internal labor migrant, internal labor migration, state regulation of internal labor migration and analyzes the definitions given by scientists to these concepts. The author points out that in Kazakhstan the concept of an internal labor migrant is not fully used in its meaning, and, in legislative acts and concepts, there is no differentiation of this concept from an internal migrant. Also, the article describes the concept and types of internal labor migration as one of the type of labor migration, also the author expresses his opinion on the theoretical substantiation of some types of internal labor migration. The author shares his opinion about the uselessness of the translation of terms migration, internal migration into the Kazakh language and their preservation as international terms. The article analyzes theoretical aspects of state regulation of internal labor migration, the author considers the opinions of various domestic and foreign authors on this issue. The policy of the Republic of Kazakhstan in the field of regulation of internal labor migration is considered and its gaps are noted. The author raises the issue of the need to form a new state concept and a new legal framework in the field of state regulation of internal labor migration. In conclusion, the author brings forward his definition of concepts internal labor migrant, internal labor migration, state regulation of internal labor migration

**Key words:** internal labor migrant, internal labor migration, state regulation of internal labor migration, unemployment, public policy.

Жапаков С.М.

PhD докторант 2 курса, университет НАРХОЗ, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sake.007@mail.ru

### **Теоретические аспекты понятий «внутренний трудовой мигрант», «внутренняя трудовая миграция», «государственное регулирование внутренней трудовой миграции»**

В статье дается описание понятий «внутренний трудовой мигрант», «внутренняя трудовая миграция», «государственное регулирование внутренней трудовой миграции» и анализируются определения, данные учеными этим понятиям. Автор отмечает, что в Казахстане понятие «внутренний трудовой мигрант» не используется полностью по своему значению, также в законодательных актах, концепциях нет дифференциации этого понятия от понятия внутреннего мигранта. Также в статье описываются понятие и виды внутренней миграции как одной из разновидностей трудовой миграции, автор выражает свое мнение относительно теоретического обоснования некоторых видов внутренней трудовой миграции. Автор делится своим мнением о ненужности перевода терминов «миграция», «внутренняя миграция» на казахский язык и об их сохранении как международных терминов. В статье анализируются теоретические аспекты государственного регулирования внутренней миграции, рассмотрены мнения различных отечественных и зарубежных авторов по данному вопросу. Рассмотрена политика Республики Казахстан в области регулирования внутренней трудовой миграции и отмечены ее пробелы. Поднимается вопрос о необходимости формирования новой государственной концепции и новой правовой базы в области государственного регулирования внутренней трудовой миграции. В заключении автор выдвигает свои определения понятиям «внутренний трудовой мигрант», «внутренняя трудовая миграция», «государственное регулирование внутренней трудовой миграции».

**Ключевые слова:** внутренний трудовой мигрант, внутренняя трудовая миграция, государственное регулирование внутренней трудовой миграции, безработица, государственная политика.

### **Кіріспе**

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында ішкі еңбек миграциясы ең маңызды мәселелердің біріне айналды. Елдегі тұрғындардың бір бөлігі әр жылдары ішкі еңбек миграциясына қатысып, өзіндік дәрежеде оның ары қарай дамуына үлес қосуда. Елімізде соңғы 5 жылда ішкі көшіп-қонушылардың саны 337,8 мың адамнан (2012) 2016 жылы 610,7 мың адамға дейін артқан, оның ішінде, өңіраралық көші-қонда (бір өңірден басқа өңірге) – 294,0 мың адам; өңірлік көші-қонда (бір өңір ішінде) – 316,7 мың адам қатысқан. Ал Алматы, Астана қалалары, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары халық ағынының негізгі өңірлері болып саналады (Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2016). Дегенмен, мемлекет жалпы миграцияны бақылауда ұстап, нақты деректерді ұсынғанымен, осы ағынның ішінде ішкі еңбек миграциясының қаншалықты деңгейде екендігін айқындай алмай отыр. Мұның өзі ішкі еңбек миграциясына қатысты әлі де шешілуі тиіс көптеген күрделі мәселелер бар екендігінен хабар береді. Мұндай мәселенің орын алуына көптеген жағдайлар әсер етуде, ең алдымен, елімізде ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеуге қатысты айқын саяси бағдар жасалынған жоқ, сонымен қатар, ішкі еңбек миграциясын реттейтін арнайы

заң актілері де жоқтың қасы. Мемлекеттік билік көбінесе ішкі еңбек миграциясын жалпы ішкі миграцияның шеңберінен шығармайды, оны ішкі миграциядан бөліп қарастырмайды. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін қабылданған, әрекет етуші арнайы тұжырымдамаларда, заңдарда, нормативтік-құқықтық кесімдерде ішкі еңбек миграциясы ішкі миграцияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып келді. Ішкі еңбек мигранттарын есепке алу, ішкі еңбек миграциясына талдау жасау, оны бақылауда ұстау тетігі қарастырылмаған. Біз өз кезегінде ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік басқарудағы дербес санат ретінде қарастыру үшін осы мақалада оның түсінігін, мәнін айқындап, өзге түсініктік санаттармен байланысын ашып көрсеткіміз келеді. Бұл мақалада ішкі еңбек миграциясымен қатар ішкі еңбек мигранты, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу түсініктерін де ашып көрсетуге тырысамыз.

Мақаланы жазудағы басты мақсат ішкі еңбек мигранты, ішкі еңбек миграциясы, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу түсініктерінің мәнін ашып, олардың өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету және осы түсініктердің өзге елдерде қаншалықты деңгейде басқа түсініктерден ажыратылып, тәжірибелік мәнге ие болғандығына мән беру. Сонымен қатар, аталған түсініктердің заңнамалық негізде дұрыс айқындалуына қатысты пікір білдіру. Біздің пікірімізше, ішкі еңбек мигранты, ішкі еңбек миграциясы, ішкі

еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу түсініктерін айқындау арқылы жалпы мемлекеттің ішкі еңбек миграциясына қатысты саясатын да тиімді бағытқа өзгертуге болады.

### Қолданылған әдістер

Мақаланы жазуда автор халықаралық құқықтық актілерге, еліміздің заңнамасына, отандық және шет елдік авторлардың ғылыми еңбектері мен мақалаларына, әртүрлі ғылыми есептерге, БАҚ-та жарияланған материалдарға сүйенді. Мақаланы жазуда автор ғылыми зерттеу әдістерінің жекелеген түрлерін, атап айтқанда, аталған санаттарды талдап, олардың мәнін айқындауда ғылыми жүйелік әдісті қолданды. Еліміздегі ішкі еңбек миграциясының даму тарихы мен оны мемлекеттік реттеудің тарихи негіздерін айқындауда, өзге елдердегі бұл мәселеге қатысты тәжірибелерге шолу жасауда тарихи-салыстырмалық әдісті пайдаланды. Ал, ішкі еңбек миграциясымен қатысты нақты деректер мен сандарды алуда статистикалық әдісті қолданды.

### Нәтижелер және талқылаулар

Миграция сөзі (латынша *migratio*, *migro* – өтіп кетемін, көшемін деген мағына береді), ағылшынша (*migration*) бір аумақтан екінші аумаққа көшу, көбінесе қайта оралу деген мағына береді (Meaning of “migration” in the English Dictionary, 2018). Миграция сөзі қазіргі қазақ тілінде көші-қон, ал мигрант сөзі көшіп-қонушы деп аударылған. Біздің ойымызша, халықаралық терминдерді қазақшаға аударудың аса қажеттігі жоқ, кей кездері аударма ұтымды болмаса терминнің айтылуы қиындап кететіні тағы бар. Мысалы, ішкі еңбек мигранты толыққанды аудармада «ішкі еңбек көшіп-қонушысы» болады, ал ішкі еңбек миграциясы «ішкі еңбек көші-қоны» болады. Әрине, жалпы тілдік қорымызда көші-қон сөзі бұрыннан бар, сондықтан, оны одан ары да сол мәнінде қолдана береміз, тек ресми құқықтық құжаттарда халықаралық терминдер болып барлық елдерде қолданылатын миграция, мигрант терминдерін сол нұсқасында қалдырған жөн деген пікірдеміз. Бұл жайлы Елбасы Н.Ә. Назарбаев та «Халықаралық терминдер қазақ тіліне енсе, ол тек қазақ тілін байытады. Мұнымен қоса, ол сөздердің санын арттырады», – деген болатын (Айтуға ұяласың, 2018).

Әр елдегі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты миграциялық процестер толастамайды. Халықтың көші-қонына саяси, экономикалық және әлеуметтік, сондай-ақ табиғи-климаттық, демографиялық және мәдени-тарихи факторлар тікелей әсерін ти-

гізіп отырады. Миграция әртүрлі мақсатта жүзеге асырылады, десе де көпшілік жағдайда қоныс аударушылар өмір сүруге қолайлы, табыс табуға мүмкіншілік беретін ортаны іздейді. Сондықтан да болар, соңғы жылдары еңбек миграциясы көптеп орын алуда. Еңбек миграциясының орын алуына әсер етуші басты фактор болып елде орын алған жұмыссыздық табылады, бұл өз кезегінде еңбек миграцияның негізгі қозғаушы күшіне айналады. Еңбек миграциясы біздің елімізде де кең өріс алуда, жұмыс орындарының жабылуы, жаппай жұмыссыздық еліміздегі көптеген өндірістік қалалардың қаңырап бос қалуына, қаншама елді мекендердің жұмысқа жарамды адамдарының өзге жерлерде жұмыс істеу мақсатында толықтай немесе уақытша қоныс аударуына себеп болды (Мертвые города Казахстана: места, покинутые людьми, 2017).

Жалпы, еңбек миграциясын басқа миграциядан бөліп алып қарастырған жөн. Себебі, еңбек миграциясының басты ерекшелігі еңбек мигрантының өзінің тұрғылықты жерін уақытша тастап кетуінде, яғни, оған оралуында. Өзінің, отбасының жағдайын түзеу, өзіне қолайлы жұмыс орнын табу, көбінесе күнкөріс үшін көптеген адамдар өзі орналасқан жерден өзге елдерге, өзге өңірлерге уақытша қоныс аударуға мәжбүр болады. Бұл адамдардың бір бөлігі жұмыс табылған жерге үйреніскен соң сол жерге тұрақтап қалса, бір бөлігі одан басқа жаққа қоныс аударды, бір бөлігі өзінің тұрғылықты жеріне кері оралады. Осы уақытқа дейінгі көптеген ғылыми жұмыстарда еңбек мигранты ретінде БҰҰ Барлық еңбекші-мигранттардың және олардың отбасыларының мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы Конвенциясында берілген анықтама қолданылуда. Оған сәйкес, «еңбекші-мигрант» – өзі азаматы болып табылмайтын елде ақы төленетін жұмысты атқаратын, атқарып жатқан, атқарған адам (Международная конвенция о защите прав всех трудящихся-мигрантов и членов их семей, 1990). Бұл анықтама сыртқы еңбек мигранттарына қатысты халықаралық миграциялық үрдістерді реттеуде кеңінен қолданылады. Жалпы, еңбек миграциясының басты мақсаты жұмыс іздеу немесе жұмысқа орналасу болып табылады. Жұмыс іздеушілердің бір бөлігі өзге елдерге эмиграцияға бел буса, басым бөлігі ел ішіндегі еңбек миграциясының дамуына ықпал етеді. Дегенмен, қазіргі кезде әр елдің ішінде ішкі еңбек миграциясының қарқынды дамуын еске алсақ, берілген анықтаманың ішкі еңбек мигранттарына қатысты қолданудың мүмкін еместігін көреміз. Сондықтан, елімізде ішкі

еңбек мигрантының құқықтық және әлеуметтік мәртебесін айқындайтын терминді қалыптастыру мәселесі орын алуда. Ішкі еңбек мигрантымен қатар ішкі еңбек миграциясы, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу ұғымдары да ғылыми тұрғыдан зерделеніп, теориялық негізделуі қажет етеді.

Елімізде ішкі еңбек миграциясының негізгі қатысушысы ішкі еңбек мигрантының құқықтық мәртебесін анықтау мәселесі заңнамалық тұрғыда әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Халықтың көші-қоны туралы ҚР заңында көшіп-қонушы (мигрант) пен қоныс аударушы түсініктері айқындалып берілген. Заңның 1-бабына сәйкес, қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы; көшіп-қонушы (мигрант) – себебі мен ұзақтығына қарамастан, Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы адам. Алайда, заңда еңбек мигрантына анықтама берілмеген, яғни, бұл еліміздің заңнамасы еңбек мигранты ретінде БҰҰ Барлық еңбекші-мигранттардың және олардың отбасыларының мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы Конвенцияда берілген анықтамаға сүйенетіндігін білдіреді. Елімізде заң шығарушы тек сыртқы еңбек мигрантының санаттарын айқындап, оны құқықтық жағынан жан-жақты қамтыған. Көші-қон туралы заңның 34-бабы еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында келетін көшіп келушілердің санаттарын айқындайды, оған сәйкес, 1) шетелдік жұмыскерлер, 2) бизнес-көшіп келушілер, 3) маусымдық шетелдік қызметкерлер, 4) еңбекші көшіп келушілер санаттарына түсініктеме берілген (ҚР Халықтың көші-қоны туралы заңы, 2011). Сонымен қатар, заңда елден тыс жерге көшіп кетушілердің де санаттары айқындалған. Десе де, қазіргі кезде елімізде сыртқы еңбек мигранттары туралы дербес заң қабылдау қажеттігі жайлы пікірлер де айтылып жүр (Вигібаев Үетпек, 2016: р.5). Заңның 9 және 10 тараулары ішкі көшіп-қонушыларға арналғанмен, онда ішкі еңбек мигранттарына қатысты еш мәселе көзделмеген. Ал ішкі еңбек мигрантын қоныс аударушы санаты мен көшіп-қонушы санатынан ажыратпағандығын біздің елімізде әлі де ішкі еңбек миграциясына аса көңіл бөлмегендігі деп түсінеміз. Ішкі еңбек мигрантын жеке санат ретінде бөліп қарастырып, оның құқықтық мәртебесін анықтап, мемлекет тарапынан оған қатысты саясатты айқындау күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Өртүрлі терминдерге

толыққанды анықтама беріп, сол арқылы нақты тұлғалардың құқықтық мәртебесін айқындау мәселесі тек біздің елде ғана емес көршілес Ресейде де орын алуда. Ондағы басты мәселе мигрант пен қоныс аударушыны дербес санат ретінде айқындамау (Романова О.Б., 2013: 34 с.). Ал біздің елімізде заңнамалық негізде қоныс аударушы мен көшіп-қонушының құқықтық мәртебесі анықталғанымен, еңбек мигранты әлі де болса құқықтық жағынан реттелген жоқ.

Жалпы алғанда, ішкі еңбек мигранты – жұмыс істеу үшін немесе жұмыс іздеу мақсатында өз елінің басқа аумағына уақытша қоныс аударатын азамат. Оның қоныс аударушының басты себебі жұмысқа орналасу немесе қолайлы жұмыс орнын іздеу болып табылады. Ішкі еңбек мигранттарының келесі түрлері бар: – коммерциялық мигранттар (ұсақ саудагерлер); – уақытша келетін жалдамалы жұмыскерлер (менеджерлер, инженерлер, оқытушылар, аудармашылар, сатушылар, жүргізушілер, құрылысшылар, үй қызметкерлері және т.б.), – жолаушылар және жүк тасымалы саласындағы жүргізушілер; – құрылысшылар; – желілік маркетинг компанияларының жеке дистрибьютерлері (Садовская Е.Ю., 2001: 130 с.). Бұл тізімге ауылшаруашылығында мезгілдік жұмысқа жалданатын механизаторларды, комбайнерларды, ұзақ мерзімге жалданып жұмыс істейтін бақташыларды және т.б. жатқызуға болады. Сонымен қатар, шет елден келіп ықтияр хат алып, тұрақты түрде ел аумағында нәпақасын тауып жүрген резиденттердің ел ішінде жұмыс істеу немесе жұмыс табу үшін қоныс аударуы да ішкі еңбек миграциясына қатысуы болып саналады. Сондықтан, ықтияр хат негізінде резидент болып табылатын шет елдік жұмыс күшінің ішкі еңбек миграциясының субъектісі бола алатындығын атап өту орынды. Мұндай жағдайлар елімізде көптеп кездеседі, мысалы, кезінде қазақ-түрік лицейлерінің оқытушылары біраз уақыттан кейін лицейден кетіп ел аумағындағы өзге өңірлерде, басқа мекемелерде де қызметтерін жалғастырған болатын.

Ендігі кезекте еңбек миграциясының түсінігіне тоқтала кеткен орынды болар. Еңбек миграциясы адамдардың бос жұмыс орындарын иелену үшін немесе жұмыс іздеу үшін ел ішінде немесе халықаралық сипатта орын ауыстыруы. Еңбек миграциясы елдің немесе нақты бір аумақтың экономикалық жағынан дамуының көрсеткіші бола алады. Еңбек миграциясына қатысушылардың бір бөлігі карьералық өсуді, жоғары жалақы алуды, әлеуметтік жағдайының жоғарылауын көздесе, екінші бөлігі амалсыздан,

жұмыс таба алмағандықтан, отбасын асырау өзі өмір сүретін аумақта ауыр немесе мүмкін болмағандықтан уақытша қоныс аударады. Сонымен қатар, еңбек мигранттары көпшілік жағдайда отбасын өз тұрғылықты жерінде қалдырып, жеке өзі жұмыс істеу үшін немесе қарастыру үшін уақытша қоныс аударады. В.В. Сороченко еңбек миграциясына өзіндік анықтама береді, оның пікірінше, еңбек миграциясы – еңбекке қабылетті жұмыс күшінің орын ауыстыруы (Сороченко В.В., 2002).

С.В. Рязанцев еңбек миграциясына келесідей анықтаманың дәл келетіндігін атап өтеді, еңбек миграциясы – халықтың басқа елде немесе аймақта жұмыс табу үшін уақытша қоныс аударуы және шекараны кесіп өтуінің, жұмысқа орналасуының заңға сәйкес болғанына, жұмысының тұрақтылығына қарамастан бұрынғы тұрғылықты жеріне жүйелі түрде барып тұруы, яғни, жұмысқа орналасқан жеріне түпкілікті қоныс аудармауы (Рязанцев С.В., 2007).

Ал ҚР халықтың көші-қоны туралы заңында берілген анықтамаға сәйкес, еңбек көші-қоны – еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардың басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан, сондай-ақ мемлекет ішінде уақытша қоныс аударуы.

Е.Ю. Садовская еңбек миграциясының бірнеше түрін атап көрсетеді: ішкі және сыртқы (эмиграция және иммиграция); заңды және заңсыз; еңбек сапарының ұзақтығына байланысты: қайтарымсыз, тұрақты немесе уақытша, қайтарымды (мезгілдік, маятникті) (Садовская Е.Ю., 2001: 130 с.). Мерзімдік еңбек миграциясын қысқа мерзімдік (үш айға дейінгі) және ұзақ мерзімді (үш айдан бір жылға дейінгі) деп бөліп қарастыруға болады. Қысқа мерзімді еңбек миграциясы тұрақты және тұрақсыз деп бөлінеді. Тұрақты қысқа мерзімдік еңбек миграциясына маятникті еңбек миграциясы жатады, яғни, адамдардың тұрғылықты жерін өзгертпестен өз үйі мен жұмысы аралығында күнделікті немесе апталық қозғалысы (шекара аумағында өмір сүретін адамдар, вахталық әдіспен қызмет жасайтындар және т.б.). Тұрақсыз мерзімдік еңбек мигранттарына мезгілдік еңбек мигранттары, ұсақ саудагерлер жатады. Мезгілдік еңбек миграциясы экономикалық сипатта болады, яғни, нақты мезгілде қосымша жұмыс күші қажет болғанда орын алады (егін жинау, жазғы демалыс орындарында қызмет көрсету және т.б.). Мемлекеттің еңбек миграциясын реттеуіне байланысты еңбек миграциясын – реттелетін немесе реттел-

мейтін еңбек миграциясы деп те бөліп қарастыруға болады. Реттелетін еңбек миграциясына арнайы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылатын еңбек миграциясын (мысалы, «Дипломмен ауылға!» жобасы және т.б.), реттелмейтін еңбек миграциясына тұрғындардың өз бетімен жұмыс іздеп қоныс аударуын жатқызамыз. Сонымен қатар, кей зерттеушілер еңбек күшінің біліктілігіне қарай еңбек миграциясын біліктілігі жоғары еңбек күшінің және біліктілігі төмен еңбек күшінің миграциясы деп те бөлуді ұсынады (Рыжкова А.Н., 2014).

Мақаланың мақсаты ішкі еңбек миграциясының мәнін айқындау болғандықтан ішкі еңбек миграциясына қатысты әртүрлі ғалымдардың пікірлерін ортаға салғанды жөн көрдік. Ішкі еңбек миграциясы – азаматтардың өз елінің аумағында жұмыс істеу үшін немесе өзі тұратын аумақтан өзге аумақтан жұмыс іздеу үшін уақытша тұрғылықты жерін ауыстыруы (Андреева А.А., 2015).

К.А. Богацкаяның пікірінше, ішкі еңбек миграциясы дегеніміз – халықтың жұмыс істеу мақсатында басқа аумаққа қоныс аударып жаңа жерге толығымен қоныс аудармай өзінің тұрғылықты жеріне жұмысынан тыс уақыттарда келіп тұруы (Богацкая К.А., 2016).

Ішкі еңбек миграциясы елдегі еңбек күшінің өмір сүру деңгейі жоғары аумақтарға ағылуымен байланысты. Оның басты себебі өмір сүру сапасының әртүрлілігі мен олардың өзі тұратын жердегі жұмысқа тұру мүмкіндігінің аздығымен байланысты (Pshenichnyi S.P., 2015: p 724).

Дамушы елдерде урбанизация дамыған сайын қалалық орта тап қалыптасады, бұл өз кезегінде өнеркәсіптік өндірісті дамытуға және қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін ауылдық жерлерден мигранттарды тартуға түрткі болады (Facilitating safe labor migration in the Greater Mekong Subregion, 2013: p. 11). Еліміздегі ішкі миграциялық қозғалыс «ауыл-қала», «депрессивті аумақ – жағдайы жақсы аумақ» сипатында. 2004 жылы бейресми, тіркелмеген мигранттарды есепке алмағанда 300 мыңнан астам қазақстандық жақсы өмір, жұмыс, тұрмыс жағдайын іздеп көші-қон үрдістеріне қатысқан (Мустафаев Н.И., 2006, 1840 с.). 2009 жылғы халық санағы бойынша 2 381 233 адам, яғни, халықтың 14,9% ішкі мигранттар, яғни, ел ішінде мекен-жайын ауыстырған қазақстандықтар болған (Жусупова А.С., 2012: 45 с.). Ал қазіргі кезде ішкі көші-қонға жыл сайын қатысатын адам саны геометриялық прогрессиямен арту үстінде. Ауыл халқының қалаға жаппай қоныс аударуы дамушы елдерде көптеп орын алууда,

бұрындары ауыл халқының саны басым болған елдердің қала халқының санының артуы көптеген қиындықтардың орын алуына себебін тигізуде. Мысалы, Үндістанда 2011 жылғы халық санағы бойынша халықтың 28 пайызы қалалық жерлерде өмір сүрген, ал 2014 жылы олардың саны 31 пайызға артқан. 2007 – 2008 жылдары ішкі мигранттар халықтың 35 пайызын құраған (Rameez Abbas, 2014). Дәл осыған ұқсас жағдай Бразилияда да орын алуда (Raphael Corbi, 2017).

Қалаға ауылдық жерден келген еңбек мигранттары аз уақытта жұмыс таба алады. Себебі, олар тезірек жұмыс табу үшін төменгі деңгейдегі жұмыстарға келіседі. Соған қарай олардың жалақысы да төмен болады. Үлкен қалаларда білім мен арнайы қабылетті талап етпейтін, құрылыс сияқты жұмыстар көп. Сондықтан да ішкі еңбек миграциясы ауылшаруашылығында қиындықтар орын алғанда жүзеге асырылатын қалыптасқан жағдайдан шығу жолы болып табылады (Groger Andre, 2016: 123).

Ішкі миграция көбінесе жеке шаруашылықтардың экономикалық жағдайын жақсартады, дегенмен, ол миграцияның түріне, адамның қабылетіне және жұмыспен қамтылуына байланысты. Ішкі миграция жеке шаруашылықтардың табысын ұлғайтып қана қоймай, фермерлердегі табиғи құбылыстар мен бағаның құбылмалылығына қатысты тәуекелдерді де төмендетеді. Ішкі миграция олардың шыққан жерлері мен барған жерлеріндегі еңбек нарығына да тікелей, айтарлықтай әсер етеді. Ішкі миграция жеке шаруашылықтарға жағымды ықпал еткенімен, оның шығынын азайтып, тиімділігін арттыруға болады. Оны жыл бойғы түсетін түсімдерді тұрақтандырумен, еңбек мигранттарының біліктілігін көтерумен, жұмыспен қамту саласындағы өнімділікті арттырумен, мигранттардың қаржылық сауатын арттыру арқылы жүзеге асыруға болады (Maharjan Amina, 2015).

Жоғарыда еңбек миграциясын реттелетін немесе реттелмейтін еңбек миграциясы деп бөліп қарастырған едік. Ішкі еңбек миграциясын мемлекеттің реттеуіне қарай оны да мемлекетпен реттелетін және реттелмейтін деп бөлуге болады. Қазіргі кезде елімізде ішкі еңбек миграциясын реттеуге байланысты көптеген бағдарламалар жүзеге асырылуда, атап айтқанда, «Дипломмен ауылға!», «Серпін» және т.б. Дегенмен, мемлекеттің бақылауынан тыс ішкі еңбек миграциясы да көп орын алуда. Мемлекетпен реттелмейтін ішкі еңбек миграциясына көбінесе елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтитын адамдар қатысады. 1990 жылдардан бастап

республика экономикасындағы ресми емес сектор ұлғайды, өзін-өзі жұмыспен қамтитын тұрғындар саны 0,5 млн. адамнан (1994) 2,7 млн. адамға жетті (1999) немесе 5 еседен артыққа өсті. 1999 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтитын адамдардың саны республиканың барлық еңбек ресурстарының 31,9% құрады. Ал өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың үштен бір бөлігі еңбек миграциясының әртүрлі нысанына қатысады (Садовская Е.Ю., 2001: 132 с.). 2017 жылдың 3-тоқсанындағы Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитеті берген ресми мәліметтерге сәйкес, 18 миллион қазақстандықтардың 9 миллионы экономикалық белсенділікке ие. Оның ішінде жұмыспен қамтылғандары 8,5 миллион, осы адамдардың 2,1 миллионы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, ал өнімсіз өзін-өзі қамтамасыз етушілер 275 мың адам. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау экс-министрі Т. Дүйсенованың пікірінше, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар саны экономикалық белсенді тұрғындардың 31-26 % құрайды (Иванилова А., 2018). Көріп отырғанымыздай, мемлекет тарапынан әртүрлі арнайы бағдарламалардың қабылдануы, елдің экономикалық жағдайының түзелуі өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың санын азайта алмаған. Бұл өз кезегінде мемлекетпен реттелмейтін ішкі еңбек миграциясына қатысты мәселелердің әлі де шешімін табуы үшін көптеген жаңаша тетіктер қарастырылуы қажеттігін көрсетеді.

Осы тұста ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу мәселесіне де тоқталу орынды деп санаймыз. М.А. Умирзакова миграцияны басқару мен реттеуді миграциялық саясат деп атайды. Оның пікірінше, Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының мақсаты заңсыз миграцияны миграциялық таңдауды қалыптастыру және миграциялық үрдістердің жағымсыз жақтарын болдырмау жолымен азайту арқылы елдің ұлттық біртұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (Умирзакова М.А., 2015: 55 с.). Мемлекеттік саясат пен мемлекеттік басқару ұзақ уақыт бойы біртұтас түсінік деп қарастырылып келсе де қазіргі кезде бұл екі ұғымды жеке-жеке қарастырған жөн деп білеміз. Себебі, мемлекеттік саясаттың шеңбері кең, саясат арқылы нақты мақсаттар мен міндеттер айқындалады, ал мемлекеттік басқару сол қабылданған шешімдердің, тұжырымдамалардың жүзеге асырылу тетігі болып табылады. Сондықтан, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу мәселесінде ең алдымен мемлекеттің ішкі еңбек миграциясына қатысты саяси ұстанымын айқындап алған

жөн. Тек содан кейін ғана арнайы мемлекеттік тетік құрылып, айқын саяси тұжырымдаманы іске асыруды қолға алуы тиіс. Сонымен қатар, жоғарыда атап өткеніміздей бұл салаға қатысты түсініктемелік аппаратты қалыптастыру ең маңызды мәселе болып қала бермек.

Миграцияны мемлекеттік басқаруға қатысты келесі пікір өзіне назар аудартады, оған сәйкес, халықтың миграциясын басқаруды қоса алғанда кез келген басқару қызметі қоғам мен мемлекеттің кез келген саладағы өміріне қатысты мемлекеттің саясатын жүзеге асыру мақсатында басқарылатын объектіге биліктік сипатта әсер ету болып табылады. Мемлекеттік басқару мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың тәжірибелік құралы. Сондықтан, халықтың миграциясын мемлекеттік басқаруы дегеніміз – халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша көші-қон саласында атқарушы билік өкілеттігі берілген атқару билігінің өкілетті органдарының және өзге субъектілердің тәжірибелік, ерікті және пайдалы қызметі (Жеребцов А.Н., 2017: 200 с.).

Ішкі еңбек миграциясы дамушы елдерде қарқынмен дамуда. Өртүрлі елдерде ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеумен байланысты мемлекеттік тетіктер қарастырылып, іске асырылуда. Соның бірі Бангладеш болып табылады. Зерттеушілердің пікірінше, қандай себеп болмасын ішкі миграция да, сыртқы миграция да даму үстінде. Бангладеште ішкі миграцияның көлемінің аса ұлғаюынан қалалардың өсуі орын алууда. Миграцияның ішкі және халықаралық сипатта өсуімен қатар ақша аударымдарының да көлемі өсуде. Десе де, мигранттар кездестіретін көптеген мәселелер де бар. Бангладеш үкіметі өз кезегінде бұл мәселеге қатысты жұмыс жасауда (Md. Zakiul Alam, 2013).

Көптеген украиндық зерттеушілер аймақтың экономикалық дамуы еңбек миграциясының артуына әсер ететіндігі жайлы гипотезаны жақтайды. Олар Украинаның дамыған аймақтарында еңбек күшінің кетуі ортадан төмен деңгейде екендігін алға тартады. Т. Богданның пікірінше, орталық үкіметтің аймақтық саясатын жандандырмай депрессивтік аймақтарды дамыту мүмкін емес. Олар кедейліктің торына түсіп қалған: жұмыс орындарының жетіспеушілігі – төмен экономикалық белсенділік – инвестицияның жоқтығы – жұмыс орындарының жоқтығы. Осылайша, Украина экономикалық сәтсіздіктерден адами ресурстарды миграцияның әсерінен жоғалтудан зардап шегуде (Bogdan Tetiana, 2011). Біздің ойымызша, украиналық ғалымдардың пікірі кө-

ңілге қонымды, яғни халықты экономикалық дамыған аймақтар қоныс аударуға үндегенше, сол экономикалық артта қалған аумақтарға инвестиция тартып, жұмыс орындарын ашып, ондағы экономикалық жағдайды көтеру орынды болады.

Қазақстанда ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік басқару ісі әлі де болса толыққанды жүзеге асырылмауда. Мемлекеттік билік ішкі еңбек миграциясын қамтитын арнайы бағдарламалар жасап, оны жүзеге асыру тетіктерін іске қосты деп айта алмаймыз. Әлі де ішкі еңбек миграциясы жалпы еңбек миграциясы құрамында қалып қойды. Мемлекеттің ұстанымы бойынша, еліміздегі көші-қон процестерінің ауқымын, олардың Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әсерін ескере отырып, белгіленген құзыретке сәйкес қызметтің өзекті бағыты көші-қон процестерін ұтымды басқару болып табылады (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, 2016). Жалпы, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік басқару бойынша қабылданған саяси бағыт пен арнайы тұжырым қалыптасты деуге әлі де ерте.

Елімізде көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты айқындайтын Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, іске асырылуда. Бұл тұжырымдама көші-қон саласын мемлекеттік реттеудің келесі бағыттарын қамтиды: 1) Сыртқы көші-қон саласын реттеу; 2) Этникалық қазақтарды елге қайтару саласы; 3) Ішкі көші-қон процесін реттеу. Тұжырымдамада ішкі еңбек миграциясымен байланысты орын алып жатқан басты проблемалар да атап көрсетілген, біріншіден, ішкі көші-қон ағындарын өңірлік экономикалық өсу аймақтарына жіберудің мемлекет ынталандыратын нақты жүйесі қалыптастырылмаған. Екіншіден, ішкі көші-қонды тиісті деңгейде есепке алмау, яғни, ішкі көшіп-қонушылар толыққанды есепке алудың кеңестік кезеңнен қалған әдіснамасы жүзеге асырылады, ол өз кезегінде толыққанды ақпараттық база түзуге мүмкіндік бермейді; Үшіншіден, мемлекет тарапынан ішкі көші-қонды жеткілікті түрде реттемеу, қоныс аударушылардың жұмыспен қамтамасыз етілуіне жағдай тудыра алмау (Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2016). Дегенмен, тұжырымдама ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу мәселесі бойынша

нақты мақсаттарды қамтымаған. Ішкі еңбек мигранттары жалпы мигранттар мен қоныс аударушылардың көлеңкесінде қалып қойған. Тұжырымдамада проблема ретінде қарастырылған көшіп-қонушыларды есепке алу мәселесі үлкен зерттеуді талап етеді. Себебі, еліміздегі ішкі еңбек миграциясының заңды жолмен жүзеге асырылуына кедергі келтіруші факторлардың бастысы осы азаматтарды тіркеу институты болып табылады. Бұл мәселе бойынша көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары да жүргізілген болатын, солардың бірі М. Тухмадиеваның зерттеуі өзіне назар аудартады, ол өз жұмысында кеңестік кезеңнен қалған азаматтарды тіркеуге алу жүйесінің тиімсіздігін дәлелдеп, дамыған шет елдердің тәжірибесін негізге алуды ұсынған болатын (Тухмадиева М., 2015: 29 с.).

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру деп аталатын тарауы ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеудің бір тетігі болуы тиіс еді. Дегенмен, бағдарламаға сәйкес, жұмыс күші тапшы өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік диспропорция мен демографиялық теңгерімсіздікті жою мақсатында бағдарлама шеңберінде ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады. Бағдарламаға қатысушылардың ерікті түрде қоныс аударуы: 1) өңіраралық қоныс аудару, 2) облыс ішінде қоныс сипатында жүзеге асырылады (Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы, 2016). Байқап отырғанымыздай, мұнда да ішкі еңбек миграциясын емес ішкі қоныс аударуды басты орынға қойып, ішкі еңбек миграциясын дербес санат ретінде қарастырмаған. Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығы енді-

гі жерде мемлекеттің ішкі еңбек миграциясына дербес институт ретінде қарап, оны реттеуге байланысты жаңа саяси тұжырымдама, құқықтық база және арнайы реттеу тетіктерін қалыптастыруының қажеттігін көрсетеді.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, еліміздегі ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеуді жетілдіру үшін оның анықтамалық-түсініктік базасын айқындап, ішкі еңбек мигранты, ішкі еңбек миграциясы, ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу санаттарына дербес анықтамаларды бекіту қажет. Сәйкес анықтамалық базаны қалыптастырған соң ғана мемлекеттің ішкі еңбек миграциясына қатысты саясатын толықтырып, жүзеге асырылуы тиіс нақты айқын мақсат пен міндеттер қойылады. Біз өз кезегімізде жоғарыда қарастырылған жағдайлар негізінде келесідей анықтамаларды ұсынғымыз келеді.

Ішкі еңбек мигранты дегеніміз – жұмыс істеу үшін немесе жұмыс табу мақсатында өзінің тұрғылықты жерінен Қазақстан Республикасының өзге аумағына уақытша қоныс аударатын Қазақстан Республикасының резиденті.

Ішкі еңбек миграциясы дегеніміз – еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының бір аумағынан басқа аумағына уақытша қоныс аударуы.

Халықтың ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу дегеніміз – халықтың ішкі еңбек миграциясы саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асыру бойынша осы салаға жауапты атқару билігінің өкілетті органдарының және өзге субъектілердің заң шеңберіндегі тәжірибелік, ерікті және пайдалы қызметі.

### Әдебиеттер

Айтуға ұяласын: Назарбаев терминдердің қазақша аудармасы жайында //Egnet.kz ақпараттық порталы. 12.04.2018 – URL <http://egnet.kz> (қаралған уақыты: 20.04.2018)

Андреева А.А. Определение понятий «внешняя трудовая миграция» и «внутренняя трудовая миграция» в рамках социологического исследования//Теория и практика общественного развития (2015, № 8) – URL <https://cyberleninka.ru> (дата обращения: 12.04.2018)

Bogdan Tetyana. Labor Migrants' Problems – Acute Policy Challenge for Ukraine [Electronic resource]. – URL: [www.mirpal.org](http://www.mirpal.org). (дата обращения: 11.04.2018)

Богацкая К.А. Внутренняя трудовая миграция в России 10.02.2016г. [Электронный ресурс]. – URL <http://izron.ru> (дата обращения: 11.04.2018)

Buribayev Yermek and others. Legal Regulation of Labor Migration in the Republic of Kazakhstan. //Indian Journal of Science and Technology, Vol 9 (16) – pp. 1-7

Facilitating safe labor migration in the Greater Mekong Subregion: Issues, challenges, and forward-looking interventions. Mandaluyong City, Philippines: Asian Development Bank, 2013 – p. 49 [Electronic resource]. – URL <https://www.adb.org>



Groger Andre, Zylberg Yanos. Internal labor migration as a shock-coping strategy: evidence from a typhoon. //American economic journal: applied economics. Vol. 8, no. 2, april 2016, - pp. 123-153

Иванилова А. Четверть рабочего населения Казахстана – самозанятые. 18.01.2018. //сайт МК в Казахстане. – URL <http://mk-kz> (дата обращения: 15.04.2018)

Жеребцов А.Н., Малышев Е.А. Современные организационные и административно-правовые проблемы государственного управления миграцией населения// Общество и право, 2017. № 2 (60). С.198-204

Жусупова А.С., Кенесов А.А. Внутренние мигранты и современный Казахстан// Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. №3 (40), 2012. С. 44-47

Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2016 – URL <https://www.enbek.gov.kz> (қаралған уақыты: 11.04.2018)

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары – URL <https://www.enbek.gov.kz> (қаралған уақыты: 15.04.2018)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы//АҚЖ Әділет сайты – URL <http://adilet.zan.kz/rus/docs> (қаралған уақыты: 18.04.2018)

Mahaṛjan Amina, Myint Theingi. In the dry zone, shan state and the southeast of Myanmar. 2015. [Electronic resource]. – URL <http://www.themimu.info> (дата обращения: 12.04.2018)

Meaning of “migration” in the English Dictionary //Cambridge University Press – URL <https://dictionary.cambridge.org> (дата обращения: 14.04.2018)

Международная конвенция о защите прав всех трудящихся-мигрантов и членов их семей. Принята резолюцией 45/158 Генеральной Ассамблеи от 18 декабря 1990 года// сайт ИПС Әділет – URL <http://adilet.zan.kz/rus/docs> (дата обращения: 14.04.2018)

Мертвые города Казахстана: места, покинутые людьми // сайт Реактор. 03.05.2017. – URL <http://reactor.inform.kz> (дата обращения: 11.04.2018)

Md. Zakiul Alam. Migration scenario in Bangladesh: Prospects, problems and policy issues [Electronic resource]. – URL <https://www.academia.edu> (дата обращения: 15.04.2018)

Мустафаев Н.И. Миграционные процессы в Казахстане //«Казахстан-Спектр». №1, 2006 – С.1835-1840

Pshenichnyi S.P., Mukhametshin D.F., Leukhin A.O., Bichkov G.A. Labor Migrations and Socio-Economic Indexes: Problems and Prospects for Russia// Mediterranean Journal of Social Sciences. Vol 6 No 3 May 2015. – С. 723-726

Rameez Abbas and Divya Varma. Internal Labor Migration in India Raises Integration Challenges for Migrants// site of the Migration Policy Institute. March 3, 2014 – <https://www.migrationpolicy.org> (дата обращения: 18.04.2018)

Raphael Corbi and Tiago Ferraz. Rainfall, Internal Migration and Local Labor Markets in Brazil, 2017 [Electronic resource] – URL <https://www.researchgate.net> (дата обращения: 19.04.2018)

Романова О.Б. Понятия «мигрант» и «переселенец»: теоретические особенности //Гуманитарные исследования в восточной сибире и на дальнем востоке. № 1 2013 – С. 33-38

Рыжкова А. Н. Понятие и виды трудовой миграции // Молодой ученый. — №21, 2014. — С. 535-538. — URL <https://moluch.ru/archive/80/14376/> (дата обращения: 11.04.2018)

Рязанцев С.В. Трудовая миграция в странах СНГ и Балтии: тенденции, последствия, регулирование. Москва, 2007 [Электронный ресурс]. – URL <http://nauka.x-pdf.ru/> (дата обращения: 11.04.2018)

Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. – Алматы, 2001. – 260 с.

Сороченко В.В. Совершенствование системы государственного управления трудовой миграцией на современном этапе развития Российской Федерации: Автореферат кандидатской диссертации. – М., 2002. – URL <http://www.disserscat.com> (дата обращения: 11.04.2018)

Тухмадиева М. Пути реформирования системы регистрации населения по месту проживания в Республике Казахстан. – Алматы, 2015. – 45 стр. [Электронный ресурс]. – URL <https://www.soros.kz>

Умирзакова М.А. Государственное регулирование трудовой миграции// Наука и мир, Том: 2, № 2 (18), 2015. – С. 55-57

Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы//АҚЖ Әділет сайты – URL <http://adilet.zan.kz/rus/docs> (қаралған уақыты: 18.04.2018)

## References

Aituga uialasing: Nazarbaev terminderding qazaqsha audarmasi jayinda [Ashamed to say: Nazarbayev on translation of terms into Kazakh] //Ernur.kz informational portal. 12.04.2018 – URL <http://ernur.kz> (Accessed: 20.04.2018)

Andreeva A.A. Opredelenie ponyatii «vneshnyaya trudovaya migratsia» i «vnutrennyaya trudovaya migratsia» v ramkakh sociologicheskogo issledovaniya [Definition of the concepts “external labor migration” and “internal labor migration” within the framework of sociological research]// // Theory and practice of social development (2015, № 8) – URL <https://cyberleninka.ru> (Accessed: 12.04.2018)

Bogdan Tetyana. Labor Migrants’ Problems – Acute Policy Challenge for Ukraine [Electronic resource]. – URL: [www.mirpal.org](http://www.mirpal.org). (Accessed: 11.04.2018)

Bogatskaya K.A. Vnutrennyaya trudovaya migratsia v Rossii [Internal labor migration in Russia]10.02.2016r. [Electronic resource]. – URL <http://izron.ru> (Accessed: 11.04.2018)

Buribayev Yermek and others. Legal Regulation of Labor Migration in the Republic of Kazakhstan. //Indian Journal of Science and Technology, Vol 9 (16) – pp. 1-7

Facilitating safe labor migration in the Greater Mekong Subregion: Issues, challenges, and forward-looking interventions. Mandaluyong City, Philippines: Asian Development Bank, 2013 – p. 49 [Electronic resource]. – URL <https://www.adb.org>

Groger Andre, Zylberberg Yanos. Internal labor migration as a shock-coping strategy: evidence from a typhoon. // American economic journal: applied economics. Vol. 8, no. 2, april 2016, - pp. 123-153

Ivanilova A. Chetvert rabocheho naselenya Kazakhstana – samozanyatie [A quarter of Kazakhstan’s working population is self-employed] 18.01.2018. // сайт МК в Казахстане. – URL <http://mk-kz> (Accessed:15.04.2018)

Zherebtsov A.N., Malishev E.A. Sovremennye organizatsionnye I administrativno-pravovye problem gosudarstvennogo upravleniya migratsyei naseleniya [Modern organizational and administrative legal problems of state management of population migration] // Society and law, 2017. № 2 (60). pp.198-204

Zhusupova A.S., Kenesov A.A. Vnutrennye migrant I sovremenni Kazakhstan [Internal Migrants and Modern Kazakhstan] // Bulletin of KazNU. A series of philosophy. A series of culturology. A series of political science. №3 (40), 2012. pp. 44-47

Qazaqstan Respublikasi koshi-qon sayasatining 2017-2021 zhildarga arналған tujirimdamasi, [Concept of the migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021] 2016- URL <https://www.enbek.gov.kz> (Accessed:11.04.2018)

Qazaqstan Respublikasi Engbek zhane khaliqti aleumettik qorgau ministriligining 2017-2021 zhildarga arналған strategiyalik zhospari [Strategic plan of the Ministry of Labor and Social Protection of Population and the Republic of Kazakhstan for 2017-2021]- URL <https://www.enbek.gov.kz> (Accessed: 15.04.2018)

Qazaqstan Respublikasi Ukimetining 2016 zhilgi 29 zheltoksandagi № 919 qaulisimen bekitilgen “Engbek” natizheli zhuispen qamtudi zhane zhappai kasipkerlikti damituding 2017 – 2021 zhildrga arналған bagdarlamasi [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 29, 2016 No. 919 “On approval of the Program for the Development of Productive Employment and Mass Entrepreneurship for 2017-2021”// site of IPS Adilet – URL <http://adilet.zan.kz/rus/docs> (Accessed:18.04.2018)

Maharjan Amina, Myint Theingi. In the dry zone, shan state and the southeast of Myanmar. 2015. [Electronic resource]. – URL <http://www.themimu.info> (Accessed:12.04.2018)

Meaning of “migration” in the English Dictionary //Cambridge University Press – URL <https://dictionary.cambridge.org> (Accessed:14.04.2018)

Mezhdunarodnaya konvensya o zachite prav vsekh trudyachixsya-migrantov I chlenov ix semei. Prinyata resolutsyei 45/158 Generalnoi Assamblei ot 18 dekabrya 1990 goda [International Convention on the Protection of the Rights of All Migrant Workers and Members of Their Families. Adopted by General Assembly resolution 45/158 of 18 December 1990] // site of IPS Adilet – URL <http://adilet.zan.kz/rus/docs> (Accessed:14.04.2018)

Mertvye goroda Kazakhstana: mesta, pokinutie lyudmi [Dead cities of Kazakhstan: places abandoned by people] // сайт Реактор. 03.05.2017. – URL <http://reactor.inform.kz> (Accessed:11.04.2018)

Md. Zakiul Alam. Migration scenario in Bangladesh: Prospects, problems and policy issues [Electronic resource]. – URL <https://www.academia.edu> (Accessed:15.04.2018)

Mustafaev N.I. Migratsionnie prossesi v Kazakhstane [Migration processes in Kazakhstan] //« Kazakhstan-Spectrum». №1, 2006 – pp.1835-1840

Pshenichniy S.P., Mukhametshin D.F., Leukhin A.O., Bichkov G.A. Labor Migrations and Socio-Economic Indexes: Problems and Prospects for Russia// Mediterranean Journal of Social Sciences. Vol 6 No 3 May 2015. – pp. 723-726

Rameez Abbas and Divya Varma. Internal Labor Migration in India Raises Integration Challenges for Migrants// site of the Migration Policy Institute. March 3, 2014 – <https://www.migrationpolicy.org> (Accessed:18.04.2018)

Raphael Corbi and Tiago Ferraz. Rainfall, Internal Migration and Local Labor Markets in Brazil, 2017 [Electronic resource] – URL <https://www.researchgate.net> (Accessed:19.04.2018)

Romanova O.B. Ponyatyta ‘migrant’ I ‘pereselenes’: teoreticheskiye osobennosti. [The concepts of “migrant” and “ transmigrator”: theoretical features] // Humanitarian research in eastern Siberia and the Far East. № 1 2013 – p. 33-38

Rizhkova A.N. Ponyatyte I vidi trudovoi migratsii. [Concept and types of labor migration] // Young Scientist. — №21, 2014. — C. 535-538. — URL <https://moluch.ru/archive/80/14376/> (Accessed:11.04.2018)

Ryazantseva S.B. Trudovaya migratsiya v stranax SNG I Baltii: tendensyi, posledstviya, regulirovaniye. [Labor migration in the CIS and Baltic countries: trends, consequences, regulation] Moscow, 2007 [Electronic resource]. – URL <http://nauka.x-pdf.ru/> (Accessed:11.04.2018)

Sadovskaya E.Y. Migratsiya v Kazakhstane na rubezhe XXI veka: osnovnyye tendensyi I perspektivi. [Migration in Kazakhstan at the turn of the 21st century: the main trends and prospects]- Almaty, 2001. – 260 p.

Sorochenko V.V. Avtoreferat kandidatskoi dissertatsii na temu: Sovershenstvovaniye systemi gosudarstvennogo upravleniya trudovoi migratsyei na sovremennom etape rasvitya Rossiiskoi Federatsii [The author’s abstract of the thesis on the topic: Improvement of the system of state management of labor migration at the present stage of development of the Russian Federation] – Moscow, 2002. – URL <http://www.dissercat.com> (Accessed:11.04.2018)

Tukhmediya M. Puti reformirovaniya systemi registratsii naseleniya po mestu prozhivaniya v Respublike Kazakhstan. [Ways of reforming the system of population registration at the place of residence in the Republic of Kazakhstan] Almaty, 2015. – 45 p. [Electronic resource]. – URL <https://www.soros.kz>

Umirzhakova M.A. Gosudarstvennoe regulirovaniye trudovoi migratsii [State regulation of labor migration] // Science and the world, Vol.: 2, № 2 (18), 2015. – pp. 55-57

Khaliqtıng koshi-qoni turalı Qazaqstan Respublikasining 2011 zhilgi 22 shildedegi № 477-IV zani [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 22, 2011 № 477-IV on Migration of Population] // site of IPS Adilet – URL <http://adilet.zan.kz/rus/docs> (Accessed:18.04.2018)